



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: И 63 А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

ӨОЖ 371.3

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Кожаметова Акжибек Мырзалиевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қарасу ауданы білім бөлімінің
Октябрь жалпы білім беретін мектебі» КММ
Октябрь ауылы, Қазақстан
E-mail: akzhibek84@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада Бенджамин Блумның таксономиясын қолдану арқылы қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытудың тиімді әдістері қарастырылады. Б.Блумның танымдық іс-әрекетін жіктеу деңгейлері негізінде мәтіндермен жұмыс істеу кезінде оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге бағытталған сұрақтар жүйесі ұсынылады. Мақсаты: мәтінде берілген ақпаратты іріктеуге, түсінуге, өзінше пайымдауға және өмірлік жағдайларда пайдалануға мүмкіндік бере отырып, білім алушылардың оқу сауаттылығын арттыруға оңтайлы жағдайлар жасау.

Түйінді сөздер: оқу сауаттылығы, Блум таксономиясы, қазақ тілі, мәтін.

Аннотация

В данной статье рассматриваются эффективные методы развития читательской грамотности обучающихся на уроках казахского языка и литературы посредством применения таксономии Бенджамина Блума. Предлагается система вопросов на основе уровней классификации познавательной деятельности Б.Блума, направленная на усовершенствование читательских навыков учащихся при работе с текстами. Цель: создание оптимальных условий для повышения читательской грамотности обучающихся, позволяющих отбирать, понимать, рассуждать о информации представленной в текстовой форме и использовать ее в жизненных ситуациях.

Ключевые слова: читательская грамотность, таксономия Блума, казахский язык, текст.

Abstract

This article discusses effective methods of developing reading literacy of students in the Kazakh language and literature lessons through the use of Benjamin Bloom's taxonomy. A system of questions based on the classification levels of B. Bloom's cognitive activity is proposed, aimed at improving students' reading skills when working with texts. Objective: to create optimal conditions for improving the reading literacy of students, allowing them to select, understand, reason about the information presented in text form and use it in life situations.

Key words: reader's literacy, Bloom's taxonomy, Kazakh language, text.

Қазіргі білім алушылар қай жерде, қалай оқыса да, мәтіндермен айналысуға мәжбүр. Сабақта мәтіндерді тыңдау да, бейнематериал көру де оқу сауаттылығын қажет етеді деуге болады. Адамның оқу сауаттылығын қалыптастыру және пайдалану тек қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында ғана емес, бұл өмірдің коммуникативті тұрғыда кең кездесетін құбылыс. Оқу сауаттылығы – адам өмірінің мотивациялық-құндылық, когнитивтік, белсенділік салаларына еніп, таным процестеріне, сондай-ақ адам әрекетін болжау, жоспарлау, бағдарламалау, бағалау және қайта қарауға байланысты болады.

Педагогикалық практикада оқу дағдылары, мысалы, ойлау процестерін ажыратып, айырмашылықтарын айыру қиынға соғады. Мұндай түрлі процестерді біріктіре алатын әдістемелік шешімдерді табу педагогикалық тәжірибеде ұтымды. Мысалы, біз білім алушыларға параграфтың негізгі идеясын есте сақтауды, тірек сөздердің мағынасын түсіндіруді, мәтінді талдауды, қарама-қайшы ойларды тауып, бағалауды, эссе жазуды тапсырамыз. Бұл ретте тапсырмалар тіл білімін, ойлау психологиясын және логиканы біріктіре қолдану көзделеді. Кез-келген білім нәтижелерін қалыптастыру үшін, мысалы, білім, білік, дағдылар немесе құзыреттіліктер, когнитивті, мінез-құлық немесе эмоционалды-құндылық салаларында оқушыларға мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеуге ыңғайлы жағдай жасау маңызды.

Блум таксономиясы – білім берудегі танымал оқыту теорияларының бірі. Ойлаудың әртүрлі деңгейлерінің бұл иерархиялық классификациясын ұстаздар өз оқушыларында жоғары деңгейлі ойлауды ынталандыру үшін кеңінен қолданады. Осы таксономия ұсынатын танымның әртүрлі деңгейлерін түсінуден басқа, оны оқытуды тиімді қолдану маңызды.

Блум таксономиясына толығырақ тоқтала кетейік. 1956 жылы американдық педагог-психолог Бенджамин Блум және оның әріптестері Блум таксономиясы деп аталатын білім беру мақсаттарын жіктеу жүйесін жариялады. Таксономия ойлаудың алты негізгі санатынан тұрады: білім, түсіну, қолдану, талдау, синтез және бағалау. Мұндағы 6 санаттың мағыналары әр деңгей үшін әрекет етістіктерімен бірге жүреді.

1. Білім – бұл берілген материалды есте сақтауға, материалдардың кең ауқымына жүгінуге әкеледі. Етістіктері: анықтаңыз, қайталаңыз, атаңыз, талдаңыз, есте сақтаңыз, тізімін жасаңыз, көрсетіңіз, белгілеңіз, сәйкестендіріңіз.

2. Түсіну – бұл бұрын өтілген материалдың мағынасын түсіну қабілеті. Етістіктері: түсіндіру, жалпылау, перифраз жасау, қайта тұжырымдау, түсіндіру, салыстыру, қарама-қарсы қою.

3. Қолдану – бұл берілген материалды жаңа және нақты жағдайларда пайдалану мүмкіндігі. Бұл ережелерді, әдістерді, тұжырымдамаларды қолдануды қамтуы мүмкін. Етістіктері: қолдану, әзірлеу, біріктіру, шешу, пайдалану, жоспарлау, көрсету, ұйымдастыру, өндіру.

4. Талдау – бұл оның ұйымдастырылуын түсіну үшін материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу мүмкіндігі. Бұған бөліктерді анықтау, бөліктер арасындағы байланысты талдау және ұйымдастыру-шылық принциптерді тану кіруі мүмкін. Етістіктері: талдау, сынау, зерттеу, иллюстрация, жіктеу.

5. Синтез – жаңа тұтастықты қалыптастыру үшін бөліктерді біріктіру мүмкіндігі. Мысалы, ғылыми жобасын, зерттеу жұмысын т.б. жазу. Етістіктері: жазу, жобалау, қайта қарастыру, сараптау.

6. Бағалау – нақты критерийлерге сәйкес берілген мақсат үшін материалдың құндылығын бағалау мүмкіндігі. Етістіктері: пікірлесу, бағалау, таңдау, қорғау, қолдау, сендіру, дәлелдеу. [1, б. 36]

Блум таксономиясын оқыту процесінде қолданудың тағы бір артықшылығы – оқушылардың төменгі деңгейлі ойлаудан жоғары деңгейлі ойлауға ауысуын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге педагогтер қауымына оқу мақсаттарын қоюға көмегі зор. Білім алушылардың қабілеттерін түсіну, тиісті оқыту мен бағалауды оқытудың нәтижелеріне сәйкестендіру, олардан не күтілетінін түсіндіру.

Блум таксономиясын оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарын жүргізуде пайдаланған өте тиімді. Таксономия негізінде оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру, сонымен бірге әртүрлі танымдық үрдістерді бағалауға болады. Бұл мәтіндік ақпаратты есте сақтау мен түсінуден бастап, оны талдауға, бағалауға және өз мәтіндерін құруға дейін арнайы ұйымдастырылған сұрақтар жиынтығын пайдалану. Мысалы: Егер бұлай болса, не болады? Мәтіннің негізгі идеясы қандай? (түсіну процесі), Бағалау үшін қандай критерийлерді қолданар едіңіз? Бағалау үшін қандай ақпарат пайдаланылды? (бағалау процесі) т.б. Мұндай сұрақтар топтамасы оқу сауаттылығын дамыту үрдісін ұйымдастыруға көмектеседі. Нақтырақ тоқталсақ, дұрыс сұрақтар қою. Біздің сұрақтарымыз білім алушыларға әртүрлі танымдық талаптар қоя алады. Көп ойлануды және уақытты қажет ететіндері бар, немесе есте сақтау және еске түсіру мәселесі болуы мүмкін. Сонымен, оқушыларымызға оқылған мәтіндегі ақпаратты жақсы меңгеру үшін қандай сұрақтар қою керектігін анықтап алған жөн. Сұрақтарды тиімді жоспарлау үшін «Блум түймедағын» пайдаланған тиімді.

«Блум түймедағы» 6 жапырақшадан тұрады, олардың әрқайсысында әр түрлі сұрақтар бар. Бұл әдіс оқытуда кеңінен пайдаланылады. Ол тек әмбебаптылығымен ғана емес (бастауыш, орта, жоғары сыныптар арасында), сонымен қатар балалардың ақыл-ой белсенділігіне ықпал етеді, олардың бір-бірінің пікірін естуге үйретеді, танымдық қызығушылықты дамытады және мәтінмен жұмыс істеуді үйренуге көмектеседі.

Блум түймедағының барлық жапырақшаларын білім беру мақсатына қарай 3 топқа бөлуге болады: когнитивті («білемін»); психомоторлы («жасаймын»); аффективті («қолымнан келеді»). Бұл жұмыс әдісі балаларға дайын білім бермейді, бірақ олардың тәжірибесі мен білімін қолдана отырып, өз бетінше шешуі керек мәселені тудырады.

Жоғарыда айтылған ойлау деңгейлеріне сәйкес оқушылардың алдында белгілі бір проблема тудыратын өзіндік сұрақ түрінде қойылады.

Білім деңгейі – қарапайым сұрақтар; Кез келген деректерді атау немесе нақты ақпаратты қайталау қажет болғанда қолданылады: «Кім?», «Не?», «Қашан?», «Қайда?», «Қалай?», «Қанша?». Бұл сұрақтарға жауап беру үшін мәтіндегі материалды білу және жады жұмысын белсендіру қажет. Көбінесе сұрақтар «... атаңыз» деген етістіктен аяқталады.

Түсіну деңгейі – нақтылау сұрақтары; Мұндай сұрақтардың көмегімен жаңа ақпаратты түсіндіру немесе нақтылау үшін кері байланыс орнатылады. Бұл сұрақтар тікелей хабарланбаған, бірақ мәтін мазмұнында айтылған мәліметтерді табуға көмектеседі. Мысалы: «Сіздің айтқыңыз келгені?», «Яғни, сіздің айтып отырғаныңыз ...?», «... деп санауға бола ма?».

Қолдану деңгейі – практикалық сұрақтар; Бұл сұрақтар теория мен практика арасында байланыс орнату үшін маңызды. Мысалы: «... қалай қолдануға болады?», «... не жасап шығаруға болады?», «Өмірде қай жерде кездестіруге болады?». [2, б. 23]

Талдау деңгейі – интерпритациялық сұрақтар; Түрлі құбылыстар мен әрекеттердің себептері мен салдарын анықтауға көмектеседі. Көбіне «Неге ...?», «Неліктен ...?» сұрақтарын қамтиды. Талдау сұрақтары мәселелерге қатысты жаңа көзқарас табуға, терең ақпарат алуға және кейіпкерлердің әрекеттерінің түсініксіз себептерін анықтауға көмектеседі.

Синтез деңгейі – шығармашылық сұрақтар; бұл сұрақтарда шарттылық, болжам бар, сондықтан сұрақтар әдетте «болар еді» бөлшегімен жүреді немесе «... ойлап тап» деген етістікпен пайдаланылады. «... не өзгерер еді?», «Егер ... болса, не болар еді?», «Мәтінде ... кейін не болады?». Мұндай сұрақтарға жауаптар оқушылардың қиялын жақсы дамытып қана қоймай, оны өзгерту барысында мәтін мазмұнын толық түсінуге ықпал жасайды. Оқушылардың жас ерекшеліктерін сақтай отырып, «Өзіңіз ұсынасыз» деген сөзден бастап, «Бұл жағдайда не істеуге болатынын ұсыныңыз?», «Өмірде қай жағдайда кездестіруге болады?» деп қоюға болады. Бұл сұрақтардың жауаптары

мәселені сырттай қарастырып, жаңа өзіндік шешім табуға және сол немесе басқа идеяның қаншалықты шынайы екенін тексеруге әсерін тигізеді.

Бағалау деңгейі – бағалау сұрақтары. Бұл сұрақтар кез–келген оқиғаларды, фактілер мен құбылыстарды бағалау критерийлерін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл сұрақтар санаты мәселені немесе жағдаятты шешудің ең жақсы нұсқаларын таңдауға көмектеседі. Оқушыларға «Ойыңызбен бөлісіңіз» деген сөзден бастап бағалау сұрақтарын қоюға болады. «Өз ойыңызды айтыңыз, сіз бұл мәселеге қалай қарайсыз?», «Неліктен бұл жағдайды жақсы деп санауға болады?», «Жақсы шешім табу үшін қандай әрекет жасау керек?» т.б. Бағалау сұрақтарының артықшылықтары көп. Біріншіден, оқушылардың ойлауының эмоционалды жағын сипаттауға мүмкіндік туғызады, олардың сезімдері мен ойларын жан–жақты түсінуге жол ашады. Екіншіден, мұндай сұрақтар мәтіндегі фактілерден гөрі тереңірек нәрселерді сұрау дағдысына ие болуға көмектеседі. [3, б. 92]

Мен өз тәжірибемде бұл әдісті, әсіресе, кейіпкерлердің әрекетіне баға бере отырып, балалар–дың моральдық құндылықтарын тексеру үшін, адами қасиеттерін арттыру үшін белсенді қолданамын. Күнделікті өз педагогикалық тәжірибемнен мысал келтірейін.

Сабақтан үзінді. 5 сынып. Қазақ тілі мен әдебиеті сабағы. Тақырыбы: Ең үлкен байлық. Мақсаты: 5.3.1.1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау. Бағалау критерийі: мәтін мазмұнын түсінеді, мәтін мазмұны негізіндегі сұрақтарға жауап береді.

Ең үлкен байлық.

Ертеде бір жас жігіт өзінің кедейлігін айтып, әрдайым мұңын шағады екен.

– Шіркін–ай, менің байлығым көп болса, жақсы өмір сүрер едім, – деп зарлауын қоймапты.

Бір күні қарт тас қашаушы өтіп бара жатып, зарлап отырған жігіттің қасына келеді.

– Саған не болды сонша жылап? Сен нағыз бай адам емессің бе? – дейді.

– Мен баймын ба? – деп жігіт таңғалады. – Ол қандай байлық?

– Сенің көзің ше? Бір көзіңді қаншаға сатар едің? – деп сұрайды қарт.

– Оның не?! – деп шошып кетеді жігіт, – көзімді ешқандай байлыққа айырбастамаймын.

– Ал енді екі қолың мен аяғыңды алтынға айырбастар ма едің?

– Жоқ, ешқайсысын да алтынға айырбастамаймын, – дейді жігіт.

– Міне, көрдің бе, сен өте бай адамсың. Адамның ең үлкен байлығы – күш–қуаты мен денсаулығы, – дейді қарт. – Оны ақшаға сатып ала алмайсың. Қарт осыны айтады да жөніне кетеді. [4, б. 12]

Қарапайым сұрақтар:

1. Мәтінде не туралы айтылған? 2. Мәтінде неше кейіпкер? 3. Негізгі кейіпкер кім?

Нақтылау сұрақтары:

1. Мәтінде байлық туралы сөз қозғалды ма? 2. Мәтіндегі кейіпкер бай ма? 3. Қарияның айтқан сөздері дұрыс па?

Практикалық сұрақтар:

1. Адам екі қолының көмегімен не жасай алады? 2. Адамға екі аяғының саулығы қандай мүмкіндік береді? 3. Өмірде қол–аяғынан айрылған адамдар не істей алады?

Интерпритациялық сұрақтар:

1. Жас жігіт неге жылады? 2. Қария неге денсаулықты байлық деп бағалады? 3. Жігіт неліктен көзін, қол–аяғын сатқысы келмеді?

Шығармашылық сұрақтар:

1. Егер жігіт көзінен немесе қол–аяғынан айырылса қандай күй кешер еді? 2. Қария жігітке денсаулықтың құндылығын түсіндірмесе, не олар еді? 3. Оқиганы қалай жалғастырар едіңіз?

Бағалау сұрақтар:

1. Осы мәселеге қатысты ойыңызбен бөлісіңіз? 2. Неліктен бұл мәселені шешу үшін қария бейнесі қолданылған? 3. Жігіттің орыныда болсаң, не істер едің?

Берілген «Блум түймедағы» бойынша құрылған сұрақтарға білім алушылар жауап бере отырып, оқылған мәтіннің мазмұнын түсінеді, талдайды, жан–жақты пікірлер білдіреді. Осының нәтижесінде мәтіндегі негізгі ақпарат анықталады.

Оқу сауаттылығын дамыту жұмыстарында Блум таксономиясының рөлі үлкен, себебі оқушы алдына дұрыс мақсат қоюдан бастап, тапсырмаларды жүйелі құрастыруда, бағалау құралдарының мақсатқа сәйкетігін ойластыруда, мәтіндерді оқу нәтижесі бойынша рефлексияны дұрыс жүргізуде нақты қадамдар жасап мақсатқа қол жетізе аламыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін мұғалім практикалық ұсыныстарды ұстануы керек: оқушыға қандай ақыл–ой дағдылары қажет екендігі туралы түсінік беру; оқушыны сұрақ қоюға үйрету; құбылыстардың себептерін анықтауға бағыттау, дәлелдеу өнеріне баулу, өз іс–әрекетінің нәтижесін бағалай білуге үйрету.

Қорыта келе, оқу сауаттылығын дамыту – қазақ тіліндегі мәтіндерді меңгерудің табысты қолданудың кепілі деген шешімге келуге болады. Мәтінмен жұмыстың барлық түрлері, оқу үрдісін ұйымдастырудың барлық тәсілдері, түрлі танымдық деңгейге сәйкес құрылған сұрақтар жүйесі

оқушылардың одан әрі өзін-өзі дамытуына ықпал ететін дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл мәселені шешуге оқытуда Бенджамин Блум таксономиясын тиімді қолдану көмектеседі. Д.Дидро «Адамдар оқуды тоқтатқан кезде, ойлауды тоқтатады» демекші өскелең ұрпаққа оқуға құштарлықты жоғалтпауға, саналы ұрпақ өсіруге атсалысуға күш-жігерімді жұмсауға әрдайым дайынмын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Elliot W. Eisner. Benjamin Bloom. 1913–99
1. 2.Сағындықова М.Г. «Оқу сауаттылығының көзі мәтінмен жұмыс жүргізуде» / «Открытая школа» журналы Алматы 2021 жыл №3, 86 б.
2. Сборник материалов областного крупного стола «Современные языковые тенденции в образовании: мастерская опыта» Костанай: ТОО «Центрум», 2022. 118 с.
3. 4.Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рауандина А.Қ., Рахметова Р.С., Жайлаубаева Қ.С., «Қазақ тілі мен әдебиеті» Алматы: Көкжиек–Горизонт, 2017. 140 б.

УДК 377.3

ПРИМЕНЕНИЕ ИНФОРМАЦИОННО– КОММУНИКАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ ПРОИЗВОДСТВЕННОГО ОБУЧЕНИЯ

*Кожуховский Владимир Борисович
Карплюк Антон Валерьевич
мастера производственного обучения
КГКП «Профессионально–технический колледж
имени Камшат Доненбаевой» Управления образования
акимата Костанайской области
п. Боровское, Казахстан
E–mail: kolledgIKD@mail.kz*

Андатпа

Бұл жұмыс дәне керлеу өндірісі үшін мамандарды даярлау кезінде өндірістік оқыту шебері қолданатын ақпараттық–коммуникациялық технологиялардың (акт) сипаттамасы болып табылады. АКТ–ны білім беру процесіне енгізу арқылы шешілетін міндеттер көрсетілген. АКТ–ны қолданудың жеке тәжірибесі осы технологиялардың артықшылықтары туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, олардың танымал болуына ықпал етеді. Бұл жұмыс компьютерлендіруді дамытудың, осындай заманауи технологиялардың пайдаланылуының арқасында кәсіптік оқыту мүлдем жаңа форматқа ие болғанын, білім беру қызметтерін тұтынушылар үшін қолжетімді және ызықты болғанын растайды. «Білім беру» және «ақпараттық–коммуникациялық технологияларды» бірсатыға қоюға және педагогпен білім алушы арасындағы өзара іс–қимыл аспектісін кеңейтуге мүмкіндік берді.

Түйінді сөздер: ақпараттық–коммуникациялық технологиялар, өндірісті оқыту, дәнекерлеу жұмыстары.

Аннотация

Данная работа является описанием информационно–коммуникационных технологий (ИКТ) используемых мастером производственного обучения при подготовке специалистов для сварочного производства. Изложены задачи, решаемые с помощью внедрения ИКТ в образовательный процесс. Личный опыт использования ИКТ позволяет сделать вывод о достоинствах данных технологий, способствует их популяризации. Данная работа подтверждает, что благодаря развитию компьютеризации, появлению таких современных технологий профессиональное обучение приобрело совершенно новый формат, стало доступнее и интереснее для потребителей образовательных услуг. Дало возможность поставить на одну ступень «образование» и «информационно–коммуникационные технологии» и расширить аспект взаимодействия между педагогом и обучаемым.

Ключевые слова: информационно–коммуникационные технологии, производственное обучение, сварочные работы.

Annotation

This work is a description of information and communication technologies (ICT) used by the master of industrial training in the training of specialists for welding production. The tasks solved with the help of the introduction of ICT in the educational process are described. Personal experience of using ICT allows us to draw a conclusion about the advantages of these technologies, contributes to their popularization. This work confirms that due to the development of computerization, the emergence of such modern technologies, vocational training has acquired a completely new format, has become more accessible and interesting for consumers of educational services. It made it possible to put «education» and «information and communication technologies» on the same level and expand the aspect of interaction between the teacher and the student.

Key words: information and communication technologies, industrial training, welding work.